

МРНТИ 10.15.23

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.96>

Сманов Б.Ө.,¹ Сманова А.Б.²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КЕПІЛІ

Аңдатпа

Биылғы жыл еліміз Ата заңының қабылданғанына жиырма бес жыл толып отыр. Бұл маңызды ерекше зор құжыт қабылданғалы бері мемлекетімізде қаншама игілікті істер атқарылып, көптеген мәселелер өз шешімін тауып келеді. Оған бүкіл Республика жұртшылығы, қала берді әлем елдерінің халықтары куә болып, орын алған жетістіктерімізді қолдап-қуаттап отыр. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Қазақстанның бүкіл құқықтық-нормативтік құжаттары мен заң актілерінің іргетасы, әрі қайнар бастауы. Олай дейтініміз, барлық заңдық қағидаттар мен тұжырымдар Отанымыздың Негізгі заңынан нәр алады, Конституцияның баптарына, тармақтарына табан тірейді.

Ұсынылып отырған осынау мақалада еліміздің Ата заңының қолданысқа енгелі бері жиырма бес жыл ішіндегі өзгерістер, салалық заңдардың ерекшеліктері мен олардың қоғам өміріндегі алатын орнына ерекше мән беріледі. Мұнда халқымыздың рухани құндылықтарына басты назар аударылып, ұлттық игіліктерімізді құқықтық қамтамасыз ету жайы жан-жақты талданады.

Түйін сөздер : мемлекет, құқық, қоғам, заң, конституция, міндеттер, т.б.

Smanov B¹, Smanova A.²

¹ *Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

² *Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan*

GUARANTOR OF NATIONAL VALUES

Abstract

This year marks the twenty-fifth anniversary of the adoption of the Basic law. Since the adoption of this important document, many good deeds have been done in our country and many issues have been resolved. This is evidenced by the entire public of the Republic, the peoples of all countries of the world, supporting our achievements. The Constitution of the Republic of Kazakhstan is the Foundation and source of all legal documents and legislative acts of Kazakhstan. All legal principles and conclusions follow from the Basic law of our country, they are based on articles and paragraphs of the Constitution.

In the proposed article, special importance is attached to changes in the twenty-five years since the introduction of the basic law of the country, the features of sectoral laws and their place in society. Here, special attention is paid to the spiritual values of our people, and the state of legal support for national goods is comprehensively analyzed.

Keywords: state, law, society, law, Constitution, duties, etc.

Сманов Б.У.,¹ Сманова А. Б.²

¹ *Казахский Национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан*

² *Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

ГАРАНТ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Аннотация

В этом году исполняется двадцать пять лет со дня принятия в стране Основного закона. С момента принятия этого важного документа в нашей стране было сделано много добрых дел, решены многие вопросы. Об этом свидетельствует вся общественность республики, народы всех стран мира, поддерживая наши достижения. Конституция Республики Казахстан – фундамент и источник всех нормативно-правовых документов и законодательных актов Казахстана. Все юридические принципы и выводы вытекают из Основного закона нашей страны, они опираются на статьи, пункты Конституции.

В предлагаемой статье особое значение придается изменениям за двадцать пять лет с момента введения в действие основного закона страны, особенностям отраслевых законов и их месту в жизни общества. Здесь особое внимание уделяется духовным ценностям нашего народа, всесторонне анализируется состояние правового обеспечения национальных благ.

Ключевые слова: государство, право, общество, закон, конституция, обязанности, др.

Кіріспе. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдардан бастап, күні бүгінге дейінгі болған өміршең өзгерістердің барлығы да Ата заңымыздың аясында жүзеге асып келе жатқанын бәріміз білеміз. Өйткені, Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуі мен қарқынды дамуының негізі, ілкі іргетасы – биыл қабылданғанына 25 жыл толып отырған еліміздің Конституциясы. Халқымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруы мен мемлекетіміздің саяси тұрақтылығының да алтын арқауы Ата заңымыз. Бұл нөмірі бірінші басты құжат еліміздегі орнылықтылықтың, оны мекендейтін негізгі ұлт пен ұлыстардың, басқа да халықтардың берік достығының, береке-бірлігі мен ырысты ынтымағының да кепілі. Сондықтан Ата заңның әрбір тарауы, әрбір бабы, әр тармағы мен оларда айтылған терең ордалы ойлар, сындарлы сөздер мен салмақты сөйлемдер біз үшін аса қадірлі де қастерлі.

Қазақстан Конституциясы егемен еліміздің басты заңы. Оны халық арасында Ата заң, Негізгі заң секілді баламалы сөздермен атап келеді. Қалай дегенде де, бұл еліміз заңдарының атасы секілді – Ата заң.

Қазіргі қолданыстағы Ата заңымыз еліміздің тәуелсіздік алған жылдарынан бергі жылдарда өмірдің талап тілегіне орай, сынаптай сырғыған уақыттың сұраныстарын ескере отырып, өзгерістер мен толықтырулар жасалып жетілдірілді.

Өзіміз руханиятта, дәлірек айтқанда, оқу-білім мен ғылым саласында еңбек етіп келе жатқандықтан еліміздің ең басты құжаты саналатын Ата заңымыздың халқымыздың ұлттық құндылықтары мен рухани өміріне байланысты игіліктеріне кепілдік табытатын, қамқорлық жасайтын аса маңызды жайттарына назар аударғанды мақұл көрдік. Ал ұлттық құндылықтар туралы сөз қозғағанда ең әуелі ұлттық кодымыз ойға оралатыны сөзсіз. Ұлттың коды дегеніміз - ана тіліміз бен туған әдебиетіміз, ата дініміз бен төл мәдениетіміз, ән-күй, жыр өнеріміз, өміршең ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен ата-бабалардан жалғасып келе жатқан жасампаз жөн-жоралғыларымыз – барлығы, бір сөзбен айтқанда, ұлттық діліміз болып есептеледі.

«Ата салтың – қазақтың қалпың», - дейді қазақтың халық даналығы. Бұл түптеп келгенде ұлттық сананың кемелденуіне, елдің рухының қалыптасып нығаюына қызмет ететін баға жетпес негізгі құндылық. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақалада: «... Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты сол – ұлттық кодынды сақтай білу ... Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы», [1] - деп ерекше мән бере аталды. Демек, ұлттың коды жоқ жерде ешқандай рухани жаңғыру да, ұлттық сана мен ұлттық рух та болуы екіталай.

Міне, Ата заң осынау маңызды мәселенің – біздің ұлттық діліміздің берік қорғаны және негізгі кепілі. Еліміздің Негізгі заңының алғашқы бабының өзінен «Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» екенін атай отырып, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық болып саналатынына баса назар аударылды. Сонан II-бөлімнің 10-бабы – «Адам және азамат» деген тақырып беріліп, мұнда адамға қажетті рухани игіліктерге айрықша мән берілді.

Айталық, ұлттық кодымыздың, халықтық діліміздің ең басты белгісі – ана тілімізге үш тармақтан тұратын арнайы бір – 7-баптың көрсетілуін алыңыз. Онда Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі екендігі, мемлекеттік ұйымдарда және өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатындығы, сонда-ақ Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасалатыны ерекше ескерілген. Бұл жайт Ата заңнан туындайтын, соған негізделген «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заңының 6 тарауында 27 бапқа жіктеліп бекітілген.

Әдістеме. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында «... Еліміздегі этностық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай береміз, - дей отырып, - қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғазас жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», [2] – деп түйіндеді. Бұл шындығында осылай болуы қажет. Мемлекет басшысы атаған осы мәселеге орай Қазақстан халқы Ассамблеясының «Ұлы Даланың ұлтаралық тілі» атты тақырыпта жүргізіп отырған игі бастамалары көңілге қуаныш ұялатып, жалпыхалықтық, жалпымемлекеттік деңгейде кеңінен қолдауды қажет етеді.

Ұлттық құндылықтарымыздың ендігі бір маңызды саласы – дін мәселесі. Оның белгілі бір халықтың, ұлттың өмірінде үлкен рухани-идеологиялық рөл атқаратыны еш дәлелдеуді қажет етпейтін жайт. Бұл да «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы Қазақстан Республикасының заңы аясында реттеледі. 6 тарау, 25 баптан тұратын аталмыш заң да Ата заңнан туындап отырғаны мәлім. Діни сенім-нанымға байланысты мәселелер Конституциямыздың бірнеше (19, 22) бабында айрықша аталған. Оларда - әркімнің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға хақылығы, кез келген адамның ар-ождан бостандығына құқы бар екендігі, оны жүзеге асыру жалпыадамзаттық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға, немесе оларды шектемеуге тиіс екендігі ескеріледі.

Рухани кодымыздың келесі бір сүбелі тармағы – ұлттық мәдениетіміз. «Мәдениет туралы» еліміздің заңы 8 тараудағы 40 бапта сараланып қарастырылған. Мұнда халқымыздың мәдени құндылықтары мен ұлттық мәдени игіліктері, мәдени мұралар мен оларды сақтау, салт-дәстүр, тарихи-мәдени маңызы бар өнер жәдігерліктерін қорғау, қамқорлық жасау мәселелері жіліктеп берілген. Әрине, мұның да басты кепілі еліміздің Ата заңы. Өйткені, Конституцияның 37-бабында; «...Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті», - деп ерекше ескертілген болатын.

Ел Президенті биылғы жылды ұлы ғұлама ғалымымыз әл-Фарабидің 1150 жылдық және дана данышпан хәкім Абайдың 175 жылдық мерейтойларын мемлекеттік деңгейде атап өту туралы Жарлыққа қол қойып, аталған қос мерекені елдік деңгейде өткізуге арнауының өзі, міне, осының айғағы деуге болады. Оның үстіне осынау екі ұлы тұлға да күллі адамзат руханияты тарихында ерекше орын алатын мәдени байлықтарымызға, ұлттық құндылықтарымызға жатады. Екеуі де қазақ халқының рухани брендтері деп мақтаныш сезіммен айтуға тұрарлық әлемге әйгілі есімдер.

Осы аталған мәселелердің қатарында 38-баптағы Қазақстан азаматтарының табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті деген қағиданы да ұлттық құндылықтар қатарында атап, ескерте кеткен орынды деп білеміз. Себебі, туған жер, оның әсем табиғаты, бүкіл – жер асты және жер үсті байлықтары халықтың баға жетпес игілігі, әрі аса маңызды құндылығы екенін еш уақытта ұмытпағанымыз жөн.

Мемлекеттік және ұлттық құндылықтар ретінде баса айтылатын мәселе Ата заңның 9 бабында көрсетілген – еліміздің Мемлекеттік рәміздері – Ту, Елтаңба, Әнұран болуға керек. Олардың сипаттамасы және пайдалану тәртібі Конституциялық заңмен белгіленген. Ал 34-баптағы екі тармақта әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдар құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, әркім Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті екендігі қадап айтылған. Бұл мәселеге де еліміздің әрбір азаматы ерекше мән бергені орынды.

Біздің бүгінгі егемен еліміздің негізгі құндылықтарының бірі - отбасы екендігінде еш күман жоқ. Ол мемлекеттің шағын бөлшегі іспетті. «Отан – отбасынан басталады», - дейді аталарымыз. Сондықтан, бұл жайт Қазақстан Республикасының Конституциясында арнайы баппен қорғалған. Отбасы мәселесі 3 тармақтан тұратын 27 бапта лайықты орын иемденген. Онда неке мен отбасы, ана мен әке мемлекеттің қорғауында болатыны, балаларға қамқорлық жасау және тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті екендігі, кәмелетке толған, еңбекке қабілетті балаларға еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасау міндеттелетіні тайға таңба басқандай көрсетілген.

«Оқу – білім азығы, Білім – ырыс қазығы»; «Оқусыз – білім жоқ, Білімсіз – күнің жоқ», - дейді халық нақылдары.

Талқылау. Расында да әрбір елдің, әрбір халықтың, кез келген мемлекеттің өсіп-өркендеуі, табысты болуы білім мен ғылымға тікелей байланысты екені айтпаса да белгілі. Сол себепті де бұл салаларды рухани игіліктердің ұлттық құндылықтардың қатарында атағанымыз жөн. Қоғамдық өмірдің аталған екі саласына екі бірдей заң арналған. Оқу-білім саласы – «Қазақстан Республикасының Білім туралы» заңымен реттеледі. Ол 12 тарау, 68 баптан тұрады. Ал «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының заңы (5 тарау, 22 баптан тұрады) ғылым және ғылыми-техникалық саладағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Бұл екі заңның да іске асырылуына Ата заңымыздың тиісті баптарында кепілдіктер берілген.

Осы ретте аталған екі маңызды мәселеге де ел Президенті Жолдауының «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» атты IV тарауында баса назар аударылғанын айтқан орынды [2].

Жиыны IX бөлім, 98 баптан тұратын Қазақстанның Ата заңы – «Президент», «Парламент», «Үкімет», «Конституциялық кеңес», «Соттар және сот төрелігі», «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару», сондай-ақ қорытынды мен өтпелі ережелерді қамтыған аса маңызды тарихи мәні бар құжат.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында Ата заңға: «... Конституция – конституциялық құрылыстың құндылықтары, институттары мен нормалары, әлеуметтік байланыстар мен мемлекеттік биліктің қатынастарын мемлекеттік – құқықтық реттеу негіздері ресми түрде баянды етілетін ең жоғарғы құқықтық нысан. Конституция осы заманғы мемлекеттіліктің маңызды белгісі болып табылады», [3] - деген анықтама берілген.

Қорытынды. Олай болса, еліміздің әрбір азаматы, әрбір тұрғыны, Ата заңымызды және одан туындайтын басқа да салалық заңнамаларды көздің қарашығындай сақтап, оны қадірлеп-қастерлеуі керек. Өйткені, мемлекетіміздің басты заңы – Конституциямыз бүкіл қазақстандықтардың өмір сүруі мен өсіп-өркендеуінің, мемлекетіміздің қарқынды дамуының берік негізі, республика халқының жарқын болашағының бірегей кепілі, сонымен бірге тұғырлы тәуелсіздігіміздің темірдей тірегі. Сондықтан мұны әрқайсымыз бой тұмардай жадымызға ұстағанымыз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 «Егемен Қазақстан», 12 сәуір 2017 ж.
- 2 «Егемен Қазақстан», 3 қыркүйек 2019 ж.
- 3 «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, 4 том, - 637 б.

References:

1. «Egemen Qazaqstan», 12 säuir 2017 j.
2. «Egemen Qazaqstan», 3 qyrküiek 2019 j.
3. «Qazaqstan» ülttyq ensiklopediasy, 4 tom, - 637 b.